

XP жүйесіне қатысты бағдарламаны қолданушыға арналған нұсқаулық

Құлаққаптың тығылғанына көз жеткізіңіз. Олай етпесеңіз, келесі тілқату терезесін көретін боласыз.



1.1 Орнату

- Драйвердің ықшам дискін салып, автоматты жегілу ажыратылған болса setup.exe файлын екі рет нұқыңыз. Орнатуды доғарғыңыз келсе «Болдырмау» пәрменін басыңыз.
- Драйверді орнатуды бастаңыз және келесі әрекетке өту үшін «Келесі» сөзін басыңыз.
- CAVUMANUS USB PnP Sound Device драйверін орнатпастан бұрын құлаққаптың USB дыбыс картасына қосылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, драйвер орнатылмауы мүмкін.
- Орнату аяқталған кезде, компьютерді қайта жегуді ұсынамыз.

1.2 Драйверді алу

- Windows XP жүйесінің басқару панеліндегі «бағдарламаларды қосу немесе алып тастау» белгішесін екі рет нұқыңыз.
- «USB PnP дыбыстық құрылғысы» элементін таңдаңыз, содан кейін «Өзгерту/алып тастау» түймешігін нұқыңыз.
- CAVUMANUS USB қосымша дыбыс құрылғысының драйверін алып тастау үшін «ОК» түймешігін басыңыз.
- Үдеріс аяқталған кезде, драйверді толық алып тастау үшін компьютерді қайта жегуді ұсынамыз.


Драйвердің басқару панелімен (CPL) таныстыру

2.0 Бағдарламаның басқару панелін ашу

Компьютерді қайта жегуді аяқтағаннан кейін, жүйе науасы жолағында CAVUMANUS PnP дыбыстық құрылғысының бағдарлама CPL белгішесін көресіз.

- Басқару панель белгішесін екі рет нұқу арқылы ашуға болады.
- Егер жүйе науасында науа белгішесі пайда болмаса, Windows басқару панеліне өтіп, CPL ашу үшін CPL белгішесін екі рет нұқыңыз.

CAVUMANUS USB PnP Sound дыбыстық құрылғысының CPL төмендегідей пайда болады:




Жүйе науасында CPL белгішесін қалай көрсетуге болады?

1. CAVUMANUS PnP дыбыстық құрылғысының бағдарламаны басқару панелін ашыңыз.
2. «Мәлімет» бетіне өтіңіз.
3. «Жүйе науасында дыбысты теңшеу белгішесін көрсету» пәрменін таңдаңыз.

2.1 «Негізгі баптау» бетінің функциясымен таныстыру


USB дыбыстық құрылғысының әртүрлі ойнату теңшелімдерін төмендегідей басқаруға болады.



1. Аналогтық сигнал қуаты – үндеткішті/құлаққапты теңшеу. (2.1.1 тарауын қараңыз)
2. Аналогтық сигнал қуаты – үндеткішті тексеру. (2.1.2 тарауын қараңыз)
3. Аналогтық сигнал қуаты – дыбысты басқару. (2.1.3 тарауын қараңыз)
4. Аналогтық сигнал қуаты – DSP режим. (2.1.4 тарауын қараңыз)
5. Дисплей – дыбыс жүйесінің күйі. (2.1.5 тарауын қараңыз)
6. S/PDIF сигнал қуаты – S/PDIF сигнал қуатының қосқышы (2.1.6 тарауын қараңыз)

2.1.1 Аналогтық сигнал қуаты – үндеткіштің/құлаққаптың қосымша баптауы

PnP дыбыс құрылғысы стерео құлаққаптарына және 2CH үндеткіштің аналогтық сигнал қуатына қолдау көрсетеді.

- Қосымша үндеткіш баптауын орнату үшін қосымша баптаулар түймешігін () нұқыңыз.
 - Қосымша баптаулар – Құлаққап
- Құлаққаптың сол/оң жақтан дыбыс шығару қуаттарын ауыстырыңыз

2.1.2 Аналогтық сигнал қуаты –үндеткіш/құлаққап дыбысын тексеру

Үндеткіш/HP дыбыс қуатын автоматты түрде немесе қолмен тексеруге болады.

1. Үндеткішті/құлаққапты автоматты түрде тексеру:

Автоматты тексеру түймешігін () нұқыңыз, CPL әр үндеткішті кезекпен-кезек тексереді.

2. Үндеткішті/құлаққапты қолмен тексеру:

Үндеткіштің шығасын дыбысын қолмен тексеру үшін жалғыз құлаққап/үндеткіш диаграммасын нұқыңыз.

2.1.3 Аналогтық сигнал қуаты – дыбысты басқару

CPL параметрі дыбысты басқару функциясын ұсынады, дыбысты басқару жолағын қосу үшін «Сандық дыбыс» түймешігін нұқуға болады.

1. Дыбысты басқару жолағы:



Үндеткіштің/құлаққаптың сол/оң жақ арнасына арналған дыбыс мәнін өзгерту үшін дыбысты басқару жолағын пайдаланыңыз.

2. Қалпына келтіру түймешігі:


Барлық үндеткіш дыбыстарының мәндерін әдепкі баптауына келтіру үшін «Бастапқы қалпына келтіру» түймешігін нұқыңыз.

2.1.4 Аналогтық сигнал қуаты - DSP режим

CPL параметрі DSP режимді ұсынады.

- () түймешігі DSP әсерінің қосымша баптауын қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді. DSP режим қосулы кезде, оң жақта DSP жұмыс ауқымын көруге болады.
- DSP режим өшірулі кезде (), стандартты үндеткішті тексеру режимі қосылады.

1.7.1 Виртуалды үндеткішті ауыстырғыш:


DSP әсерін қосу үшін «7.1 Виртуалды үндеткіш түймешігін» () нұқыңыз. Қосулы кезде, белгіше оң жақтағы DSP әсері бөлімінде пайда болады.

I. Дыбысты басқару:

Барлық арналардың дыбыс деңгейін бір-бірлеп 1 дБ-ге көтеріңіз/азайтыңыз. (+4дБ~ - 17дБ)

II. Автоматты айналдыру режимі:

Виртуалды үндеткіштер сағат тілі немесе сағат тіліне қарсы бағытта баяу айналады. Мысалы, сағат тілі бағыты таңдалған болса:



T=0



T=0.25 сек



T= 1 сек

III. Қолмен айналдыру режимі:

Бейнебеттегі виртуалды үндеткіштерді қолмен айналдыру үшін тінтуірді пайдаланыңыз.

IV. Қолмен жылжыту (еркін жылжыту режимі):

Жекелеген виртуалды үндеткіштердің орнын ауыстыру үшін нұсқағышпен нұқып, сүйреңіз.

V. Бастапқы қалпына келтіру:

Виртуалды үндеткіштердің / виртуалды тыңдаушының орнын әдепкі күйіне келтіріңіз.

VI. Виртуалды үндеткіш:

Әр виртуалды үндеткіш әдеттегі 7.1 арна үндеткіштерінің бір арнасын виртуалды мақсатта қолданады.

VII. Виртуалды тыңдаушы:

Виртуалды тыңдаушы сіздің орныңызға виртуалды рөл атқарады.

VIII. Дыбыс индикаторы:


Әр арнаға арналған мәнді көрсетеді.

2.1.5 Дыбыс жүйесі күйінің панелі

CPL параметрі дыбыс жүйесінің күйін көрсететін панель ұсынады.

- Аналогтық сигнал құрылғысы
- S/PDIF сигналының таңдалу жиілігі
- Максималды қуат өлшегіші

2.1.6 S/PDIF сигнал қуаты – S/PDIF сигнал қуаты құрылғысының параметрлері




CM108AH USB бірнеше арналы дыбыстық құрылғы сандық дыбыс сигналына қолдау көрсетеді. Оны қосу үшін «S/PDIF қосу түймешігін» () нұқыңыз.

1. S/PDIF қосу түймешігі.
2. Сандық дыбысты таңдау жиілігінің параметрі-48/44.1КГц 2CH сандық PCM деректер сигналы.

2.2 «Миксер» бетінің функциясымен таныстыру

Құрылымындағы миксер дыбысты ойнату / жазу / бақылау (А-А жолы) әрекеттерін бақылайды.


2.2.1 Ойнату және бақылау (А-А жолы) миксері

1. Негізгі дыбыс реттегіші – ойнату кезінде шығатын дыбысты бақылайды.
2. Негізгі теңгерім реттегіші – ойнату кезінде шығатын дыбыс теңгерімін бақылайды.
3. Үндеткішті теңшеу – үндеткіш санын немесе құлаққапты білдіреді
4. Негізгі дыбысты өшіруді / қайта қосуды басқару тетігі
Дыбыссыз режим түймешігі жанбайды ().
Дыбыссыз режимнен шығару түймешігі жанады ().
5. Теңгерілген дыбыс деңгейі – Сол және оң жақ арнадан шығатын дыбыс қуатын теңгерім реттегіші арқылы бақылаңыз.
6. Дыбысты басқару – ойнату дыбысын немесе А-А жолының құрылысынан шығатын дыбысты бақылаңыз.
7. Максималды қуат өлшегіші - Дыбыс сигналының лездік деңгейін көрсетеді.
8. Микрофон қуатын арттыру түймешігі:
Mic-boost түймешігін нұқыңыз () , содан кейін микрофон дыбысының А-А жолын көбейту үшін Mic-boost белгішесін таңдаңыз.

2.2.2 Жазу миксері

1. Максималды қуат өлшегіші:
Дыбыс сигналының лездік деңгейін көрсетеді.
2. Қосулы жазу құрылғысы:
Жазу қорының құрылғысын көрсетеді.
3. Дыбыс теңгерімін реттегіш:
Сол және оң жақ арнадан шығатын дауыс сигналын теңгерім реттегіші арқылы бақылаңыз.
4. Дыбысты басқару тетігі:
Әрбір жекелеген жазу құрылғысының жазу мәнін бақылаңыз.
5. Жазу құрылғысының селекторы:
Жазу көзін бекіту үшін селекторды нұқыңыз.

6. Микрофон қуатын арттыру түймешігі:

Mic-boost түймешігін нұқыңыз (), содан кейін микрофонның дыбысын көбейту үшін Mic-boost элементін таңдаңыз.

2.2.3 Ойнату құрылғысымен таныстыру

Осы панельде дыбысты бақылауға арналған дыбыс деңгейін реттеу, дыбысты өшіру және дыбыс деңгейін азайту сияқты бірнеше параметр бар.

1. Толқын:

Дыбысты басқару тетігі амалдық жүйенің дыбыс деңгейіне арналған.

2. Бағдарлама синтезаторы:

MIDI әуеніне арналған дыбысты басқару мүмкіндіктері.

3. Ықшам диск ойнатқышы:

Дыбысты басқару тетігі ықшам диск ойнатқышына арналған, егер ықшам дискті ойнатсаңыз, дыбыс деңгейін осы реттеу жолағы арқылы өзгертуге болады.


4. Микрофон:

Дыбысты басқару тетігі «Microphone-in» құрылғысының монитормына (А-А жолына) арналған. А-А жолы Microphone-in to Speaker-Out аналогтық тізбек жолын білдіреді.


2.2.4 Жазу құрылғысымен таныстыру

Осы панельде дыбысты бақылауға арналған дыбыс деңгейін реттеу және әдепкі жазу құрылғысын таңдау сияқты бірнеше параметр бар.

1. Микрофон:


«Микрофон» құрылғысына арналған дыбыс деңгейін басқару тетігі және әдепкі құрылғыны таңдау тетігі. Микрофонды қосып, әдепкі құрылғы ретінде () «Микрофонды» таңдаңыз және дыбысты жазуды бастаңыз.

2. WAVE In:

«WAVE In» құрылғысына арналған дыбыс деңгейін басқару тетігі және әдепкі құрылғыны таңдау тетігі, бұл құрылғы естілетін нәрсені жазады, әдепкі құрылғы ретінде () «WAVE In» таңдаңыз және дыбысты жазуды бастаңыз.

2.3 «Әсер» бетінің функциясымен таныстыру

Осы терезедегі мүмкіндіктер әртүрді дыбыс әсерлерін ұсынады.



3. Жұмыс жасау ортасы

Дыбысты кері серпілту және ревербация арқылы орындалатын функциялар имитациясы үшін «жұмыс жасау ортасының түймешігі» немесе «жұмыс жасау ортасының тізімі» параметрін таңдаңыз.

4. Жұмыс жасау ортасының өлшемі

«Жұмыс жасау ортасының өлшемі түймешігін» үлкендеу немесе кішілеу кеңістік (әдепкісі орташа) жасау үшін өзгертуге болады. Кеңістіктің өзгергенін сезесіз.

5. Эквалайзер (EQ) 10-жолағы

Тиісті түрде эквалайзер үшін жасалған алдын-ала орнатылған режимді таңдаңыз. Төмен жиілікті дыбыс, діріл, тікелей эфир, рок, джаз және т.б. сияқты 12 алдын-ала орнатылған режим бар.

Әр жолақ үшін күшейту коэффициентін өзгертуге және келесі бетте ат тағайындауға болады..

2.4 «Караоке және сиқырлы дауыс™» бетінің функциясымен таныстыру

Бұл функциялар дыбыстың қалай өңделетінін сезуге мүмкіндік береді. О.

1. Дауысты өңдеуді қосу үшін «ON» түймешігін нұқыңыз.
2. Барлық баптауларды әдепкі дыбыс деңгейіне қайтару үшін «Қалпына келтіру» түймешігін нұқыңыз.
3. Сиқырлы дауыс функциясының аумағы – «микрофон жаңғырығы» және «сиқырлы дауыс» функцияларын ұсынады. (2.4.1 тарауын қараңыз)
4. Караоке функциясының аумағы - «пернемен ауыстыру» және «дауысты алып тастау» функцияларын ұсынады. (2.4.2 тарауын қараңыз)

2.4.1 Сиқырлы дауыс аумағы

1. Микрофон жаңғырығы:

Ән айтқан кезде, әннің әдемі шығуы үшін дауысты жаңғырту әсері қажет болуы мүмкін. Осы әсерге қол жеткізу үшін «микрофон жаңғырығын» таңдауға және жаңғырық дыбысының көлемін реттеуге болады. Ауқымы -12дБ мен +12дБ арасында болады.

Функцияны алғаш рет қосқан кезде, драйвер жазу көзі ретінде микрофонның кіріс сигналын таңдайды. Осы терезені келесідей жабу үшін «ОК» жазуын нұқыңыз.

2. Сиқырлы дауыс:

Достарыңызбен Messenger, VOIP, желідегі ойын қолданбалары арқылы сөйлескен кезде, қызық үшін төмен сырғып түсетін мәзірдегі «Magic Voice™» әсерлерін пайдалануға болады. Бір мезетте тек бір дауыс түрін таңдауға болады.

«Magic Voice™» таңдалған кезде, сызба келесідей көрсетіледі. Бес нұсқа бар: Әдепкі (еш әсер жоқ), құбыжық, анимациялық, ер адам және әйел адам мәнерлері.

2.4.2 Караоке функциясының аумағы

1. Пернемен ауыстыру:

Дауыс ырғағына қолайлы болуы үшін караоке VCD немесе әуен үшін пернемен ауыстыру мүмкіндігін

қосуға болады. Ауқымы -4 пен +4 жартылай тондар.

2. Дауысты алып тастау:

Егер әуен көзінде алғашқы әншінің дауысы бар болса, оны алып тастау үшін «дауысты алып тастау» функциясын пайдаланып көріңіз (0~100).

Алайда, бұл әсер әрдайым жұмыс істей бермейді, себебі ән көзінің жазылу әдісіне байланысты болады. Әдетте, әнші даусы жоқ караоке VCD немесе ықшам дискі үшін мұның қажеті жоқ.

2.5 «Мәлімет» бетімен таныстыру

Бұл бет драйвер мәліметін және технологиялардың сауда белгісі таңбасын жазып қояды.

Жабдық/бағдарлама мәліметін және заңға қатысты анықтамаларды да осы жерден алуға болады.

1. Сауда белгісінің таңбасын орналастыру
2. Науа белгішесі параметрін көрсету
3. Жабдық және бағдарламаға қатысты мәлімет
4. Басқару панелінің нұсқасы (Нұсқа 2.0.01.05)
5. Genius веб торабы. (URL: www.geniusnet.com)

2.6 «Науа белгішесі» функциясымен таныстыру

«CPL науасы белгішесінің функциялар тізімін» жүйе науасы белгішесіндегі оң жақ түймешікті нұқу арқылы ашыңыз.

1. Ашу:

«Ашу» элементін нұқу USB 2.0 High-Speed True HD дыбыс бағдарламасының CPL қалпына келтіреді.

2. Дыбысты басқару:

«Дыбыс деңгейін басқару тетігін» нұқыған кезде, ол Windows дыбыс деңгейін басқару тетігін көрсетілген ретте ашады.

3. Windows мультимедия ойнатқышы:

«Windows мультимедия ойнатқышын» нұқыған кезде, ол Microsoft Windows мультимедия ойнатқышын ашады.

4. Дыбысты жазу құралы:

«Дыбысты жазу құралы» элементін нұқыған кезде, Windows кірістірілген әдепкі жазу бағдарламасы ашылады.

5. Мультимедия қасиеттері:

Windows ішіндегі «дыбыстар және дыбыс құрылғыларының қасиеттері» элементін ашып, осы бетте жақсартылған баптауды қоюға болады.